

Кант философиясы:

гносеология және этика

□ Иммануил Кант


□ Таным мәселесі

□ Адам - өмірдегі ең жоғарғы
мақсат.



18 ғасырда Пруссия патшалығының Кенигсберг қаласында тұрған неміс пәлсапашысы.

Ол қазіргі заман Еуропасының және Ағарту дәуірінің ең ықпалды ойшылдарының бірі болып саналады. Жалпы қалыптасқан пікір бойынша, ол пәлсападағы Аристотельден кейінгі ең маңызды тұлға болып табылады.




Кант таным мәселелерін жаңаша қойды және жаңаша шешті. Ең алдымен ол таным процесінің аумағын, шекарасын анықтады: бұл-субъект пен объектің ара - қатынасы, өзара әрекеті. Субъект және объект жөнінде Кантқа дейінгі таным теориясында әңгіме болмады. Кантқа дейін тіпті философияда субъект жоғалып кетті. Субъекті философияға енгізген Кант және оның ізбасары И.Г. Фихте болды. Кант философияда алғаш рет практика жөнінде мәселе қойып, практиканы адамның іс - әрекетімен байланыстырып, танымның негізі практика болып табылатынын болжап білді.



Таным субъекті - өзімен өзі өмір сүретін, дара адам, аралдағы Робинзон емес. Ол - басқа адамдармен әр алуан қарым-қатынаста болатын, әлеуметтік ортада тәрбиеленіп жетілген қоғам өкілі. Субъект бүкіл адамзат игілігіне — мәдениетіне, ғылымына, біліміне, техникасына арқа сүйеді. Таным процесінде, ғылымда, философияда қоғам алға тартқан мәселелер қойылып, шешімін табады.



Таным объектінің де Кант жаңаша түсінеді: бұл - бүкіл объективтік реалдылық емес, онымен субъект қарым-қатынас жасай алмайды. Объективтік дүние - шексіз. Таным объекті сол шексіз дүниенің бір жағы, бөлшегі (фрагменті) ғана. Сондықтан философиядағы дәстүрлі мәселе: «дүние таныла ма?» деген мәселе - абстракты қойылған мәселе. Ол жөніндегі әдеттегі түсінікте: «дүние танылады» деген тұжырым - абстракты. Дұрысында - «дүние таныла ма?» - деген сұраққа: - «Жок, танылмайды» - деп жауап беру орынды. Әрине, Кант-ғалым дүниенің танылатынына күмән келтірмейді, бірақ дүние шексіз болғандықтан, ол ешқашан да бұратала танылмайды. Канттың кезінде де, одан кейінде де Кантты «агностик» деп айыптау Канттың ұстанымын түсінбеуден туған. Кант таным процесіне нақты, тарихи тұрғыдан карауды талап етеді. Формальды тұрғыдан «дүние танылмайды» деген пікір агностицизмді білдіреді. Бірақ Канттың пікірі таным процесінің күрделілігін, дүниенің шексіздігін, ал субъект пен объектінің тарихи, нақты құбылыстар екендігін түсінуден туған.



«Өзіндік зат» та, дейді
Ленин, бүгін
танылмағанмен кейін бара-
бара танылады, «біздік
затқа» айналады.

Кант: таным объектері үнемі
өзгеріп, күрделеніп отырады,
жаңа объектер пайда болады,
бірақ қай кезде де әлі таным
объектіне айналмаған,
сондықтан танылмаған
«өзіндік заттар» болады.



Кант философияда тұңғыш рет таным ерекшелігі жөніндегі мәселені қойды. Нақты таным процесіне кіріспестен бұрын, дейді Кант,

«танымның шегі бар ма?»»

«таным дегеніміз не?»»

«танитын кім және танылатын не?»»,

«таным қалай жүзеге асады?»»

деген сияқты мәселелерді шешіп алу керек. Таным процесімен барлық ғылымдар айналысады, бірақ жаңағыдай мәселелерді шешу тек философияның ғана қолынан келеді. Өйткені, философияны таным нәтижесі ғана қызықтырмайды, сол нәтижеге, яғни объект жөніндегі ақиқат білімге апаратын жол да қызықтырады. Философияның гносеологиялық тұжырымдары басқа ғылымдар үшін методологиялық нұсқау болып табылады. Сонымен, философия, Канттың ойынша, нақты таным процесінен тыс, оған дейін таным жайын, мүмкіндігін анықтап алуы керек.



Ұстазының бұл идеясын кейін Гегель келеке кылады: «Кант бұл арада суға түспей тұрып, суда жүзуді үйренбек болған схоластка ұқсап кеткен» - дейді. Гегель сөзінің де жаны бар: суда жүзуді үйрену үшін суға түсу керек, әлденеше рет батып шығу керек. Сол сияқты танымның мәні, мүмкіндігі таным процесінде ғана анықталады. Оған дейін оны қалай білесің?

Кант ілімінде дүниенің, өмірдің қайшылықты сипаты терең ашылған. Осының салдарынан таным да қайшылыққа, антиномияларға кездесіп отырады. Мысалы, дүние шекті ме, әлде шексіз бе? Бұл сұраққа бір мағынада - шекті не шексіз деп - жауап бере алмайсың; шекті де, шексіз де деп жауап беруге тура келеді. Адам қашан да дүниенің шегіне жете алмайды. Сонымен қатар дүние шегі бар, шекарасы бар заттардан тұрады. Басқаша айтқанда, дүниенің шексіздігі шекті заттардың болуымен байланысты. Бірінсіз бірі болмайды, қарама-қарсылықтар (шектілік және шексіздік) бірін бірі керек етіп тұрады.



Кант дүниедегі ең жоғары тұрған және қасиетті деп адамды атады. Ендеше, оны құрал ретінде пайдалануға болмайды. Белгілі бір құрал ретінде тек табиғат құбылыстарын пайдаланған жөн. Сөйтіп, ол философия тарихында алғашқылардың бірі болып гуманистік, адамгершілік рухтағы этиканың негізін қалады. Адам – өмірдегі ең жоғарғы мақсат.

Канттың ойынша, адамгершілік заңын жәй ғана қағазға жазып, іліп қоюға болмайды. Адамға ең алдымен құдайдың болмысын және мәңгі өшпейтін, өлмейтін идеяны беру керек. Бұл адамгершіліктің мақсатына жатады. Сондықтан, ұлы философ бұл шығармасында зердеге қарсы шығып, сенімге қарай жол ашты. Оның айтуынша, құдайдың болмысын ғылыми түрде дәлелдеу мүмкін емес, бірақ құдайға сену адамгершілікке бастайды.

Әдептілік діни жатсынуға тәуелді емес, себебі ол – өз заңына сүйеніп, өзінше өмір сүреді. Ал, дін – құдайды ең жоғарғы идеал, немесе құдай алдындағы парыз ретінде түсінетін біздің барлық міндеттілігіміздің жиынтығы.



Назарларыңызға
а
РАХМЕТ!!!